

# СЕМИОСФЕРА

## Ғаламның кеңістіктік бейнесі

2-тарау. Ойшыл әлемдер арасында





Мәдени кеңістікке тастай батып, судай сіңген адам айналасында ұйымдасқан кеңістік сферасын жасап алатыны сөзсіз. Бұл сфера, бір жағынан, идеялық түсініктер мен семиотикалық модельдерді, екінші жағынан, адамның жаңадан жасаушылық қызметін қамтиды, себебі адам тудыратын агромәдени, архитектуралық, техникалық әлем әлгі семитотикалық модельдермен байланысады. Бұл – өзара байланыс, неге десеңіз, себебі, бір жағынан, архитектуралық құрылыстар ғаламның кеңістіктік образын көшірмелейді, екінші жағынан, осы ғалам образы адам жасаған мәдени құрылыстар әлеміне ұқсатып құрылады. Мәдениет тудыратын кеңістіктік модельдердің елеулі ерекшелігі – олар семиотикалық модельдеудің басқа негізгі формаларына қарағанда, сөздік-дискретті негізде емес, икондық-континуалдық негізде құрылады. Олардың іргетасын көзге көрінетін икондық мәтіндер құрайды, ал вербалдану қосалқы сипатқа ие. Ғаламның мұндай образын сөзден гөрі бимен, суретпен жеткізген оңайырақ болмақ. Мұнда бас миының оң жақ жартышарының жұмысы бастапқы болып шығады. Алайда бұл құрылымның өзін-өзі сипаттауының алғашқы тәжірибелері сөздік деңгейді әлемнің континуалдық және дискретті таңбалық бейнелерінің арасына енгізеді.

Әлемнің кеңістіктік бейнесі көпқабатты болып келеді. Ол өзіне мифологиялық ғаламды да, ғылыми модельдеуді де, тұрмыстық «парасатты мағынаны» да қамтиды. Бұл ретте қарапайым адамда бұл қабаттар біртұтас дүние ретінде қызмет ететін әртекті қоспаны түзеді. Қазіргі адамның санасында терең мифологиялық образдары бар және әлемді тұрмыстық бейнесі жағынан көретін әдеті бар ньютондық, эйнштейндік түсініктер араласып жатыр. Бұл ортаға мәдениет немесе анағұрлым терең ғылыми түсініктер тудырған, сондай-ақ кеңістіктік образдарды басқа модельдердің тіліне ұдайы қайта кодтайтын образдар кеп қосылады. Нәтижесінде ұдайы қозғалыста болатын күрделі семиотикалық тетік пайда болады. Әлемнің мәдениет тудыратын кеңістіктік образы адам мен Табиғаттың сыртқы болмысының арасында орналасқан деуге болады. Осы екі полюстің арасында біресе анаған, біресе мынаған қарай тартылып тұрады. Адамның тарихи тәжірибесі сол әлемге сай келуге ұмтылып, осы образды ұдайы өзгеріске ұшыратады. Бірақ бұл қашанда бесаспап, ал әлем адамның тәжірибесінде бір қырынан ғана көрініс табады. Сондықтан мазмұн мен бейнелеудің әмбебап жоспарын жасайтын өзара байланысты осы екі аспектінің арасындағы қайшылықтың жойылмайтыны сөзсіз.

Адам мен әлемнің кеңістіктік образының арақатынасы өте күрделі. Бір жағынан, бұл образды адам жасайды, екінші жағынан, ол өзіне етене енген адамды белсене қалыптастырады. Мұны табиғи тілмен салыстыруға болады. Адамнан кеңістіктік модельге қарай жүретін белсенділік ұжымнан басталады, ал кері бағытта тұлғаға ықпал етеді деуге болады. Алайда бұл ұқсастықты тұлға тудыратын және кері бағытта ұжымға ықпал ететін поэтикалық тілмен де салыстыруға болады. Тіл тудыру мен кеңістіктік модельдеу процесінде екі бағыт та белсенді. Тарих ғылымының міндеттері қандай? Тарих ғылым болып табыла ма? Бұл сұрақтар сан рет қойылды және оларға сан түрлі жауаптар берілді. Теория жасаумен емес, нақты материалды зерттеумен шұғылданатын тарихшы әдетте Ранкенің: «өткенді жаңғырту – шын мәнінде болған оқиғаны еске түсіру» деген формуласын місе тұтуға бейім. «Өткенді жаңғырту» ұғымы фактілерді анықтау және олардың арасында байланыс орнату дегенді білдіреді. Фактілерді анықтау дегеніміз – құжаттарды жинау мен салыстыру және оларды ғылыми тұрғыда сынау деген сөз. Құжатты сынау дегенді, Скалигерден бастап Фрэнсис Брэдлиге дейін, түпнұсқа емес құжаттарды, дүдәмал интерполяцияларды, дәйексіз нұсқаларды анықтау деп түсінеді. Тарихшының бастапқы жұмысының маңызды тұстарына құжатты оқи алу шеберлігі, зерттеушінің мәтінтанушылық дағдылары мен көкейкөзіне сүйене отырып, құжаттың тарихи маңызын түсіне білу қабілеті жатады. Алайда құжаттың оқырманы сегіз қырлы, мол тәжірибелі, терең ойлы болса да, оның жағдайы ғылымның басқа саласында жүрген әріптестеріне қарағанда түбегейлі өзгеше. Себебі тарихшы «факт» деген сөздің өзімен айтарлықтай ерекше нәрсені белгілейді. Логикалық тұрғыда өз жағдайын өзі жасап алатын дедуктивтік ғылымдардан, не болмаса оларды бақылай алатын тәжірибелік ғылымдардан айырмашылығы, тарихшы мәтіндермен жұмыс жасауға мәжбүр болады. Тәжірибелік ғылымдар шарты фактіні алғашқы, әуел бастан берілген, түсіндірудің алдындағы нәрсе ретінде қарастырады. Факт зертханалық жағдайларда зерттеледі, қайталанады, статистикалық тұрғыда өңделе алады.



Тарихшы мәтіндермен жұмыс жасауға мәжбүр дедік. Оқиғаның «қалай болғаны» мен тарихшының арасында мәтін түр. Міне, осы мәселе ғылыми жағдайды түбегейлі өзгертеді. Мәтін қашанда бәзбіреумен және бәзбір мақсатпен құрылады, ал оқиға мәтінде шифрленген күйде көрініс табады. Тарихшыға ең алдымен дешифрлеушінің рөлін атқаруға тура келеді. Факт тарихшы үшін бастапқы нүкте емес, қаншама күш-қайраттың нәтижесі. Ол мәтіннен мәтіннен тыс ақиқатты, оқиғалар жайлы әңгімеден оқиғаны алуға ұмтылу арқылы фактілерді өзі жасайды. Позитивистік «мәтін сыны» тарихшыға ақиқаттың әдейі бұрмалануы немесе ырымшылдық пен надандықтың салдары болып көрінген дүниеге назар аударды. Бірінші жағдайда «өтіріктің» қайнар көзі деп көбінесе мәтінді құраушының саяси теріс түсініктері есептелді, ал тарихшы өз заманының саяси сезім-күйлерін бағзы заманға жатқызды. Екінші жағдайда XIX ғасырдағы ғылымның деңгейі тұрғысынан бағалау жүргізілді. Оның түсініктерін қанағаттандырмаған дүние қараңғы құрғақ қиялдың нәтижесі деп есептелді. Мәтіннен «оқиғаның» алға шығуы үшін оны қазіргі заманның тіліне аударып, қиял-ғажайып элементтерді алып тастау немесе «ғылыми» тұрғыдан түсіндіру жеткілікті болып көрінді.

Дереккөздерді семиотикалық тұрғыдан түсіндіру тәжірибесі бар зерттеуші үшін мәселе басқаша болуы тиіс, бұл анық: мәтінді құраушы қолданған кодтарды қайта құрып, оларды зерттеуші қолданған кодтармен байланыстыру қажет. Мәтінді құраушы маңызды деп тапқан оқиғаларды тіркейді де, «маңызсыздардың» бәрін түсіріп тастайды. Егер орыс жылнамашы жылнамада бір жылды жазып, осы датаға ештеңе жазбай, бос қалдырса немесе «тыныш болды» деп жазса, онда бұл, қазіргі зерттеуші тұрғысынан, сол жылдары ештеңе болған жоқ дегенді білдірмейді. Сөйтіп, зерттеуші фактілерді «өзі үшін» анықтамас бұрын, әуелі құжатты құрастырған жан үшін анықтайды. Сөйтіп өмірді бейнелеу үшін кез келген құжаттың толық емес екенін, ақиқаттың кей қабаттары фактілер болып саналмайтынын және тіркеуге жатпайтынын түйсінеді. Ал бұл «алып тасталған дүниенің» саласы қомақты әрі қозғалмалы болып келеді. Әрқилы дәуірлер үшін «бей-фактілердің» тартымды тізбесін құрастыруға болады. Десек те, жалпы «дәуірдің дүниеге көзқарасын» білу мәселені шешпейді. Бір дәуірде әртүрлі жанрдағы мәтіндері және олардың әрбірінің өз кодтық ерекшелігі бар. Бір жанрда рұқсат етілген дүниеге басқа жанрда тыйым салынады. Зерттеушілер антикалық комедияның «реализмін» трагедияның шарттылығына қарсы қоя отырып, комедиялардан жанр ережелерімен және басқа да кодтау жүйелерімен шифрленбеген «шынайы» өмірді көреміз дейді. Мұндай көзқарас, әлбетте, тым қарабайыр. Мұндағы «реализм» мәтін кодының тарихшының күнделікті тұрмыстағы түсініктерімен сәйкес келуі дегенді білдіріп тұр. Басқа ұлттық-мәдени дәстүрмен байланысты фильмді көріп отырып, «жай ғана» шалғайдағы елдің тұрмысы мен әдет-ғұрпын елестетіп отырмын деп есептейтін кинокөрерменмен осындай олқылық орын алады. Тарихшының саналы түрде немесе күтпеген жерден кез болатын фактісін қашанда мәтінді тудырған тұлға құрастырады.

«Дәуір фактілерінің» күрделі және әртекті көрінісі туындайды. Мәтіннің әр жанры, мәдени тұрғыда маңызды әр түрі өз фактілерін іріктеп алады. Миф факт деп тапқан дүниені хроника факт деп санамайды, сол сияқты газеттің он бесінші бетіндегі факт бірінші беті үшін үнемі факт бола бермейді. Сөйтіп, алушы тұрғысынан қарағанда, факт – қашанда қоршаған оқиғалар шоғырынан маңызды деп тапқан оқиғаны таңдап алудың нәтижесі. Дегенмен де факт – концепт емес, идея емес, ол – мәтін, яғни оның әрдайым нақты-материалдық бейнесі бар, ол – өсиет әңгімедегідей оқиға тұрпаты бар мән-мағына емес, ол – мән-мағына берілген оқиға. Нәтижесінде, жіберушінің таңдап алған фактісі оған кодта берілген мәннен ауқымдырақ және жіберуші үшін бірмағыналы болып шығады, ал алушы үшін түсіндіруге жатады. Тарихшы құжатты жіберушінің хабарланатын фактілер туралы түсінігін анықтау мақсатында оның кодын қайта құрып қана қоймай, сонымен қоса мәтінді алушылардың мұнда нені факт деп есептегенін және сол фактіге қандай мән-мағына бергенін түсіндірудің барлық ықтимал нұсқаларын жаңғыртуға мәжбүр болады. Ақырында, фактінің мәтін бола отырып, өз заманындағы кодтар тұрғысынан қарағанда, маңызсыз элементтерді қамтитыны тарихшыға әлгі элементтерден өзі маңызды деп тапқан дүниені бөліп шығаруға мүмкіндік береді.

Бір мысал келтіре кетейік. 1945 жылы Жоғарғы Мысырда Наг-Хаммади кентінің маңынан копт тілінде жазылған гностикалық мазмұндағы бірқатар кодекстерді қамтитын құпия орын табылды. Әлгі кодекстердің ішінде «Томас жазған Ізгі хабар» бар. 76-шы нақыл сөзден: «[Бір



кісі] оған: «Ағаларыма айтыңызшы, әкемнің дүние-мүлкін менімен бөліссін», – депті. Ол әлгі кісіге: «Ей адам, кім мені дүниені бөлетін жан етіп жүр?», – деп шәкірттеріне бұрылып: «Мен дүниені бөлетін жан болмаймын да!», – деген екен.

Бұл мәтінді оқып отырған адам осы нақыл сөздің тура және символдық түсіндірмесін таңдауы мүмкін. Тура түсіндірмесіне келетін болсақ, Иса дүние-мүлік бөлісіне қатысудан бас тартады. Символдық түсіндірмесінде бөлумен байланысты зұлымдықтың және қосумен байланысты игіліктің образы пайда болады. Ақыр соңында, символдық түсіндіру «бөліс – бұл жалған дүниеге тән қасиет» және «бірлік – күллі ғаламды Жаратушының жоғары рухани болмысына тән қасиет» деген гностикалық идеяға алып келді. Бірақ екі жағдайда да мәтінді жіберуші үшін де, алушы үшін де мәтіннің мағынасы Иисустың терең түсіндірілуі тиіс сөздерінде. Мәтіннің қалған бөлігі «жүйеден тыс», өйткені берер ілімі мен білімі жоқ. Бірақ қазіргі зерттеуші, белгілі көзқарасқа сәйкес, нақыл сөздің Құтқарушының сөздерін ғана емес, сондай-ақ бүкіл көріністің сценарийін жаңғыртатынын да «факт» деп табуы мүмкін: әуелі тікелей тұрмыстық мағынасы бар сөздер. Христос «бір кісіге» алдымен және шәкірттеріне арқасымен қарап тұрып сөйлейді. Сосын барып қана шәкірттеріне бұрылып, бүкіл жағдайды: «Мен дүниені бөлетін жан болмаймын да!» деген сөздермен сырлы һәм құпия мағыналар аясына аударады.

Белгілі бір тұрғыда, дәл осы ыммен сөйлеу сценарийі зерттеуші үшін «фактіні» құрауы мүмкін. Бұл факт әрі қарай сол мәтіннің поэтикасы тұрғысында, әлде бұрын шын болған көріністен көрерменнің алған әсерін сақтап қалған айғақ тұрғысында түсіндіріле ме, жоқ па – бұл енді әрі қарайғы түсіндірудің мәселесі. Сөйтіп, тарих ғылымы ең алғашқы қадамынан бастап қызық күйде болады: басқа ғылымдар үшін факт – ғылымның сол жерден жол тартып байланыстар мен заңдылықтарды айқындайтын бастапқы нүктесі, түпнегізі. Ал мәдениет саласында факт алдын ала талдаудың нәтижесі болып табылады. Фактіні ғылым зерттеу процесінде тудырады және бұл кезде факт зерттеуші үшін бір толық дүние болып саналмайды. Факт мәдениеттің қандай да бір ғаламына қатысты салыстырмалы сипатқа ие. Ол семиотикалық кеңістіктен қалқып шығады да, мәдени кодтардың ауысу межесіне қарай сол кеңістікке сіңіп кетеді. Бір мезетте ол мәтін ретінде сол семиотикалық кеңістікке тұтастай сіңіп кетпейді, дұрысында, өзінің жүйеден тыс тұстарымен жүйені қайта құруға итермелеп, оны түп-тамырымен өзгертеді. Жоғарыда тарихшы мәтіндермен жұмыс жасауға мәжбүр деп айтқан болатынбыз. Бұл жайт тарихи фактінің құрылымынан ғана емес, сонымен қоса сол фактіні ұғынудан, тарихи заңдылықтар туралы түсініктерден де көрініс табады. Тарихшы оқиғаларды өз көзімен көрмейді, дұрысы, олардың нарративті дереккөздер түріндегі баянын алады. Бірақ тарихшы тіпті сипаттап отырған дүниесін өз көзімен көрсе де, ол бәрібір де көргендерін санасында сөздік мәтінге айналдырып жібереді, өйткені ол көрген дүниесін емес, көрген дүниесі жайлы өз ойын береді. Бағзы заманда кей кездері тарихшылар ауызша дереккөздерден алынған, түсіндіруді қажет ететін көпмағыналы мәліметтерді материалдық мәдениет ескерткіштерінің анық айғақтарына, археология деректеріне, икондық суреттер әлеміне, қарсы қойып салыстырды. Бірақ, семиотика тұрғысынан қарағанда, хабарламалардың барлық түрлері мәтіндер болып табылатындықтан, мәтіндерді пайдалану фактісі тарихи білімге қалай әсер етеді деген сауал ең жалпылама мағынаға ие болады.

Оқиғаны мәтінге айналдыру, ең алдымен, оқиғаны сол не басқа тілдің жүйесінде баяндау, яғни оны күні бұрын белгіленген құрылымдық тәртіпке бағындыру дегенді білдіреді. Оқиғаның өзі көрерменге бытыраңқы дүние ретінде, не болмаса өзара байланыспайтын бірнеше құрылымның шоғыры ретінде көрінуі мүмкін. Тіл құралдарымен қайта баяндалған оқиға құрылымдық тұтастыққа қол жеткізетіні сөзсіз. Табиғаты бейнелеу жоспарына ғана тиесілі бұл тұтастық мазмұн жоспарына ауысатыны да шындық. Сөйтіп, оқиғаны мәтінге айналдыру фактісі мәтіннің жинақылығын арттырады. Бұған қоса, тілдік байланыстар жүйесі нақты өмірдің байланыстарын түсіндіруге көшеді.

Бұл материалды уақыттық және себеп-салдарлық координаттар бойынша ұйымдастыратыны анық, өйткені бұл координаттар тілдің құрылымына тән. Алайда материалдың грамматикалық құрылымының мәжбүрлі сипаты фразаның шеңберінде ерекше білінсе, синтагматикалық құрылымның анағұрлым жоғары деңгейлерінде нарративтік құрылым қағидаттары алға шығады. Нарративтілік мәтіннің байланыстылық сипатын білдіреді. Мәтіннің байланыстылығы бірізді орналасқан фразалардағы құрылымның белгілі бір элементтерінің



қайталануы арқылы түзіледі. Баяндау сегменттерінің мағыналық байланыстылығы сюжетті тудырады. Бұл сюжет, нарративті мәтіннің синтаксистік байланыс заңы сияқты, дұрыс фраза құрастыру заңы болып есептеледі. Бірақ егер ақиқат туралы әңгіме сюжетті талап етсе, онда бұдан сюжеттер ақиқатқа тән деген қорытынды шықпайды. Қандай да бір уақыт-кеңістіктік континуумды толтыратын шын өмірде болған оқиғаларды нарративті мәтін сюжеттік-желілік құрылысқа тартады. Демек, тарихшы үшін мәтіндерге сүйену қажеттілігі, ал мәтіндер үшін оқиғаны тілдік және логикалық, риторикалық және нарративті конструкция заңдары бойынша баяндау қажеттілігі тарихи ақиқаттың зерттеушінің қолына өзгерген күйде түсетінімен байланысты. Бұған нарративті мәтін құрылысының жоғарғы иерархиялық сатысын құрайтын және жанрлық, идеялық-саяси, әлеуметтік, діни, философиялық және өзге де кодтарды көздейтін идеологиялық модельдеуді де қоса кеткен жөн.

Соңғы елуінші жылдары француз тарихнамасында қазір «тарихи новелла мектебі» деп аталып кеткен бағыттың пайда болуы тарих ғылымының жоғарыда аталған қиындықтарын жеңуге талпыныс болды. Бұл бағытта ғылыми ізденістердің пайда болуына XIX ғасырдың екінші жартысында-ақ компиляция мен теориялық жұтаңдық кезеңін бастан кешірген позитивистік сипаттағы саяси тарихтың айқын дағдарысы тікелей түрткі болды. Тарихтан билеушілердің іс-әрекеттері мен ұлы тұлғалардың ғұмырнамаларын алып тастау талпынысы бұқараның тұрмысы мен жасырын процестерге қызығушылық тудырды. Алайда тарихи новелла қозғалысы, атына кір келген ғылыми эклектикадан іргесін аулақ ұстау талпынысына қарағанда, зор маңызға ие болды. Тұйыққа тірелген тірліктен тысқары шығуға деген талпыныс негізгі түрткілердің бірі болды. Мұның өзі «тарихи факт» ұғымының сынға ұшырауына және тарихты «тарихи тұлғалардан» тазарту талпынысына жетеледі. Өзіне ықпал етіп жатқан күшті жете түсінбейтін бұқараның іс-қимылдарын анықтайтын бәзбір ұжымдық тарихи түрткілерді зерттеу талабы осы мектептің тың тақырыбын тудырды. Ал бұл тақырып тарихшыны үйреншікті зерттеу тақырыптарынан тысқары шығарды.

Әдеби тілдің тарихы – шығармашылықтың тарихы, ол жеке белсенділікпен және жоғары болжамсыздықпен байланысты процесс. Егер «саяси тарих» біртұтас тарихи процестің бір қырын елемесе, онда «жаңа тарих» та басқасына дәл осындай қылық танытады. Тіл тарихы тәрізді, адамның қатысуымен жүзеге асатын кез келген динамикалық процесс адамның сана-сезімі мен ерік-жігері әсер етпейтін және көбінесе заманының адамы тым ұзақ болғандықтан әсте елемейтін процестерді сипаттайтын үздіксіз баяу өзгерістер полюсі мен саналы адамның өзіндік сана-сезімі мен зияткерлік күш-жігерінің арқасында жүзеге асатын қызмет полюсінің арасында тербеледі. Бір қырын екінші қырынан бөліп-жару солтүстікті оңтүстіктен бөліп-жарғанмен парапар, яғни мүмкін емес деген сөз. Олардың қарама-қайшылығы олардың өмір сүруінің шарты болып табылады.

Адамның тұтас тарихи әртүрлі деңгейлерінде саналы түрде салған күш-жігерінің әртүрлі дәрежесі, бір жағынан, кездейсоқтықтардың, екінші жағынан, тұлғаның шығармашылық мүмкіндіктерінің рөлін бағалаудағы айырмашылықтарға да қатысты. «Тарихты ұлы тұлғалардан тазарту» міндеті шығармашылығы жоқ тарих ойлары және бостандығы: ой бостандығы, ерік бостандығы жоқ, яғни жол таңдау мүмкіндігі жоқ тарихқа әкеп соғуы мүмкін. Екі жағдайда да тарихи оқиға таңдауынан айырылған оқиға болып табылады. Бұл шынымен де солай ма? Осы тұрғыдан адамның зияткерлік қабілеттері мен моральдық жауапкершілігі қалай көрініс табады деген сауалды бір шетке ысырып қояйық та, мәселеге басқа қырынан қарап көрейік. Белгісіздік ақпараттың өлшемі болып табылады. Ең аз ақпарат тең ықтималды екі мүмкіндіктің бірін таңдаудан тұрады. Белгісіздік қоры таусылған сайын процестің ақпараттылығы өзі толықтай артық болып қалған кезде, яғни аяғына дейін болжамды болып кеткен кезде нөлге дейін төмендейді. Көз алдымызға белгілі бір траектория бойынша ұшып бара жатқан тасты елестетіп көрейік. Егер тасты лақтырмас бұрын оған әсер етуші факторлардың барлығын ескере алсақ және ұшып бара жатқан кезде ойынға жаңа факторлардың қосылып кету мүмкіндігіне толықтай жол бермесек, онда тастың құлау орнын тасты лақтырғанға дейін көрсетуге болар еді. Демек, әлгі тасымызды траекторияның қай нүктесінде қай сәтте болатынын анықтау үшін оны нақты лақтыру толықтай артық болып қалады. Бірақ жағдай өзгереді. Тастың траектория бойынша қозғалуына қарай көрініс табатын барлық факторларды ескере алмаймыз деп көрейік. Онда әр сәт сайын біздің болжамымыздың дәлдігі және бір мезетте әрі қарайғы мәтіннің артықтығы да



артатын болады. Артықтық ақпаратқа кері пропорционал. Тас неғұрлым көп жол жүріп өткен сайын оның әрі қарайғы қозғалысында ықтимал баламалар соғұрлым аз болады, ал ақпарат осыған тепе-тең келеді. Әрине, егер тастың әр қозғалыс сәтінде жол таңдау мүмкіндігі болғанда, оның ұшуының ықтимал ақпараттылығы сақталып қалар еді.

Адамзаттың деректі тарихы мың жыл бойы жалғасын тауып келеді. Егер тарихи процестің болжамсыздық тетіктері болмаса, яғни өзіне кездейсоқтықтарды матаның бетін жай ғана әшекейлейтін кесте ретінде емес, маңызды жұмыс істеуші тетік ретінде қамтыса, онда тарих баяғыда-ақ артық болып қалар еді, сөйтіп оның алдағы ағымын да болжай алар едік. Бірақ бұлай болмағаны бәрімізге белгілі. Тіпті жеке тұлғаның рөлі түкке тұрғысыз, ал жүйенің алдыңғы жай-күйі айтарлықтай белгілі жерде де болжам жасау жетістіктермен емес, көрнекті жеңілістермен белгіленеді. Тарих ғылымына қатысты мұнда тарихшы үшін тарихты «ұлы тұлғалардың» ғұмырнамаларымен ғылымнан тыс алмастыру мен қатаң детерминацияның арасында таңдауды қажет қылып қоятын арнайы мән-жайлар жұмыс істейді. Мәтіннен тыс ақиқат мәтінге – тарихшы үшін дереккөзге айналған кезде, қандай өзгеріске ұшырайтынын көрген болатынбыз. Сондай-ақ тарихшылардың бұл қатерден қандай жолдармен қашуға тырысатынын да көрдік. Алайда ақиқаттың өзгеруінің тағы бір көзі бар, енді бәрі құжатты, яғни дереккөзді жасаушының қолында емес, оны түсіндірушінің, яғни тарихшының әрекеттерінің нәтижесінде болмақ.

Тарих уақыт векторы бойынша дамиды. Оның бағыты өткен шақтың осы шаққа қозғалысымен айқындалған. Ал тарихшы зерделенетін мәтіндерге осы шақтан өткен шаққа қарайды. Тарих ғылымының эпистемиологиялық жағын қарастырған авторлардың көбі үшін перспективалық және ретроспективалық көзқарастардың бірдейлігі айқын ақиқат болып көрінгені соншалық, тіпті бұл мәселе қарастыру нысаны болмады да. Бұған қоса, тарихтан белгілі бір мақсатқа қарай қозғалысты көргендер үшін мұндай көзқарас орынды, ал оппоненттер үшін әдістемелік тұрғыда қолайлы тәсіл болып саналды. Тарих қайтымсыз процесс деп атап өткен болатынбыз. Тепе-тең жағдайларда өтетін динамикалық қозғалыстар детерминацияланған қиғаш бойынша жасалады. Алайда энтропиялық тепе-теңдік нүктелерінен алшақтаған сайын қозғалыс процестердің болжамды ағымы бұзылатын сыни нүктелерге қарай жақындайды. Бұл нүктелерде болашақты анық болжау беймүмкін болатын сәтке жетеді. Әрі қарайғы даму тең ықтималды бірнеше баламаның бірінің орындалуы түрінде жүзеге асады.

Осылайша, кездейсоқ пен заңдылық үш қайнаса сорпасы қосылмайтын ұғымдар болуын қояды да, бір нысанның мүмкін болатын екі күйі ретінде қызмет ететін болады. Нысан детерминацияланған өрісте қозғала отырып, сызықтық дамудағы нүктенің рөлін атқарады, флуктуациялық кеңістікке кіре отырып, іске қосу құрылғысы ретінде кездейсоқтығы бар ықтимал мүмкіндіктердің континуумы ретінде көрініс табады.